

**«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ**  
**Қоғамдық кеңестің отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 10

2025 жылдың «13» ақпан

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы bitrix24.kz конференц байланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://tour.bitrix24.kz/video/HEGJUMLo>.

**Отырысқа қатысқандар:**

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Оспанова Гульден Джетысовна
2. Салимова Вагида Вилиновна
3. Тикенов Еркін Амангельдинович

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

4. Жансаитов Р.А.

Отырысқа қатысты: туристік дестинацияларды дамыту Департаментінің директоры Тегенбаев Д.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум жоқ.

**Күн тәртібі:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ туристік дестинацияларды дамыту Департаментінің директоры Тегенбаев Д. жұмыс кездесуін өткізу.

**Күн тәртібіндегі мәселесі бойынша** туристік дестинацияларды дамыту Департаментінің директоры Д.К. Тегенбаев сөз сөйлеп, туристік дестинацияларды дамыту Департаментінің Қоғамдағы қызметі туралы ақпарат берді.

Қоғамдық кеңестің мүшесі Г.Д. Оспанова сөз сөйледі, ол туристік дестинацияларды дамытуға, олардың дамуын жоспарлау және тәуелсіз сараптамалық пікір алу кезінде, оның ішінде шетелдік мамандарды тарту арқылы, саладағы практикалық жұмыс тәжірибесі бар жұртшылықпен диалог қажеттілігіне қатысты өз пікірін білдірді. Туристік дестинацияларды дамыту бойынша жобаларды әзірлеу нәтижесінде, олардың енгізілуін және толық іске асырылуын халықтық бақылау қажеттілігі туралы хабарлады, оның мүшелері барлық жұмысты әлеуметтік желілер арқылы жариялай алады. Сондай-ақ, демалушылар көбінесе экологияға әсер ететін, өрт қаупін

тудыратын және т. б. үлкен қоқыс тауларын қалдыратын стихиялық тәуелсіз орналастыру орындарын бақылау функциясын қарастыруды ұсынды. Осындай мәселелерді шешу үшін практикалық тәжірибеге сүйене отырып, өңірлер бойынша ұсыныстар енгізетін жұмыс тобын құруды ұсынды.

Қоғамдық кеңестің мүшесі В. В. Салимова сөз сөйледі және ұлттық парктерде жоспарланатын жобалардың өтуі, тиісті органдармен, атап айтқанда: орман және өзге де шаруашылықтардың әкімшілігімен, экология саласындағы органдармен, сондай-ақ ұлттық парктер әкімшілігінің өзімен және тиісті рұқсаттар беретін өзге де органдармен келісу бөлігінде сұрақтар қойды.

Қоғамдық кеңестің мүшесі Е. А. Тикенов сөз сөйлеп, құжаттардың жобаларындағы кемшіліктер туралы хабарлады, атап айтқанда: мақсаттар нақты жазылмаған және т. б. Сондай-ақ, жаһандық мақсаттар – кедейлікпен күресу, жұмыс орындарын құру, қызметті фискализациялау үшін дайындамалар кіретін дестинейшн менеджменті жоспарын құруды және оны мамандардың практикалық тәжірибесін ескере отырып, төменнен жоғарыға қарай енгізуді ұсынды. Тиісінше, уәкілетті органдармен көбірек диалог енгізуді ұсынды.

Қоғамдық кеңестің мүшесі Г. Д. Оспанова тараптар мүдделерінің қажетті теңгерімі үшін шағын және микробизнес өкілдеріне ақша табуға және мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін жобаларды енгізуді ұсынды.

Кездесу қорытындысы бойынша туристік дестинацияларды дамыту Департаментінің директоры Д.К. Тегенбаев Қоғамдық кеңес мүшелерінен Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру үшін көптеген басқа практикалық ақпарат алды және оларға ұсынылған ұсыныстары үшін алғыс айтты, сондай-ақ Департаменттің қызметі туралы барлық ақпаратты (құжаттардың жобалары және т. б.) жіберуге уәде берді.

Күн тәртібіндегі мәселені қарау нәтижелері бойынша кворумның болмауына байланысты дауыс беру жүзеге асырылмайды.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің көпшілігінің пікірін ескере отырып, Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне қойылған мәселе қаралды. Отырыстың хаттамасы оған қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады.

**Қоғамдық кеңесінің  
Төрағасы**

  
\_\_\_\_\_ **Г. Оспанова**

**Қоғамдық кеңесінің  
Хатшысы**

  
\_\_\_\_\_ **Ш. Бакаева**